

2. Касимов Н.С., Гребенюк В.Б., Королева Т.В., Проскуряков Ю.В. Поведение компонентов ракетного топлива в почвах, водах и растениях // Почвоведение, 1994, №9, С.110-120.

3. Ермекбаев К.К. Обоснование проведения мониторинга состояния здоровья населения в связи с деятельностью космодрома «Байконур» // Вестник Карагандинского университета. – Специальный выпуск. - № 1 2001.

4. Иоффе Б.В., Кузнецов М.А., Протехин А.А. Химия органических производных гидразина. Под. ред. Б.В. Иоффе. Л.: «Химия», 1978, 224с.

Майканов Б.С., Аутелеева Л.Т., Тлеулемов Р.Б., Жанабаева Д.К.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ КЕЙБІР ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА СИЫР СҮТІНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРИНЕ «ПРОТОН-М» ЗТ ҰШЫРЫЛУЫ МЕН ТҮСҮІНІҢ ӘСЕРІ

Аңдатта

Мақалада «Протон-М» зымыран тасығышы түскен жерге іргелес жатқан аудандарынан алынған ірі қара мал сауым сүтінің сандық пен сапалық көрсеткіштері бойынша нәтижелер берілген. Зерттеу мәліметтерін талдай келе, берілген сынамаларда сүт сауымының сандық көрсеткіші, сезімдік, тазалық дәрежесі, кластық, бактериалдық ластану көрсеткіштері бойынша анықталды.

Кілт сөздер: сауым сандық көрсеткіштер, сауым сапалық көрсеткіштер «М-Протон» ЗТ зымыран тасығышы.

Maikanov B.S., Auteleyeva L.T., Tleulesov R.B., Zhanabayeva D.K.

THE INFLUENCE OF LAUNCH AND FALL OF THE «PROTON-M» SPACE MISSILE ON THE QUALITY OF MILK OF THE COWS IN SOME FARMS OF ULYTAU DISTRICT

Annotation

The results of the quantitative and qualitative milk yield, taken from the regions adjacent to a place of fall of the “Proton-M”, are reported in this article. The analysis of the obtained information indicates that these samples have deviations from the quantitative milk yield of cattle, as well as from the organoleptic indicators, the purity degree, the class of milk and the bacterial load.

Keywords: quantitative milk yield, qualitative milk yield, LV (launch vehicle) «Proton-M».

ӘОЖ: 619:636.09

Нұрлыбаев О., Есходжаев У.К., Есходжаев А.У.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ДИСПЕСИЯҒА ШАЛДЫҚҚАН БҰЗАУЛАРДЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАНЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ-БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатта

Диспепсияға шалдыққан бұзаулардың клиникалық және қанының морфологиялық-биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруі анықталған. Осы көрсеткіштердің негізінде диспепсиямен ауырған бұзауларға этиотропты, симптоматикалық және патогенетикалық ем жүргізуге бағытталған.

Кілт сөздер: альбуминдер, глобулиндер, АлАТ, АсАТ.

Кіріспе

Диспепсияға жиі бұзаулар шалдығады. Диспепсиямен төлдер жиі қыстың соңында және көктемнің алғашкы күндерінде ауырады. Оның себебі төлдердің енесінің иммундық күш-куаты әлсірегендіктен олардан туған төлдер әлсіз болғандық-тан ауруға бейім келеді. Көп жағдайда буаз сиырлар мен құнажындарды және олардан туылған бұзауларды жеткіліксіз, құнарсыз азықтандыру, санитарлық-зоогигиеналық ережелерге сай күтім жасамау т.б. себептер болады. Аталған себептердің салдарынан ішектерде биоценоз құбылысы бұзылып, оларда стафилококтар, ішек таяқшалары, ашытқыш санырауқұлақтар көбейіп, керісінше бифидобактериялар және сүт қышқылды бактериялар азайғандықтан бұзаулар жиі диспепсияға шалдығады [1].

Диспепсияға шалдықкан бұзауларға кешенді ем жүргізу қажет. Ем құрамына микробтарға қарсы, асқазан мен ішектердің қызметтерін қалыптастыратын заттар болуымен қатар ағза жоғалтқан сұйықтардың орнын толтыратын және улануға қарсы препараттар енгізген жөн [2, 3, 4, 5].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Магистранттық ғылыми зерттеу жұмысы Алматы облысы, Талғар ауданына қарасты «Алипов» ЖШС қожалығында жүргізді. Шаруашылықта диспепсияға шалдықкан жаңа туған 2-3 күндік Алатау тұқымды бұзаулардан екі топ құрдық. Әр топта 5 бұзау бар. Ауру бұзаулардың клиникалық және қанының кейбір морфобиохимиялық көрсеткіштерін салыстыру үшін бақылау тобын құрдық, бұл топта да 5 бұзау бар.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Мақсаты - «Алипов» жеке шаруа қожалығында диспепсияға шалдықкан бұзаулардың клиникалық және қанының морфологиялық-биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруін анықтау. Осы мақсатты орындау үшін біздер алдымызға төмендегідей міндеттер қойдық:

1. «Алипов» жеке шаруа қожалығында бұзаулардың диспепсияға шалдығу себептерін анықтау;

2. Диспепсияға шалдықкан бұзауларға клиникалық белгілеріне байланысты диагноз қою;

3. Диспепсияға шалдықкан бұзаулардың клиникалық және қанының морфологиялық-биохимиялық көрсеткіштерін сау бұзау көрсеткіштерімен салыстыра отырып, оларға этиотропты, симптоматикалық және патогенетикалық ем жүргізу. Тиімді емдеу әдісін өндіріске ұсыну.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

«Алипов» ЖШС қожалығында бұзаулар жиі диспепсияға шалдығады екен (25%). Оның себептері буаз сиырлар мен құнажындарды азықтандыру олардың нормаларына сәйкес келмеі, әлсіз жаңа туған бұзауларға санитарлық, зоогигиеналық талаптардың орындалмауы, алғашкы уызды дер кезінде ішкізбеу ж.т.б. жатады екен.

Ауру бұзауларға диагнозды төмендегі клиникалық белгілеріне байланысты қойдық. Ауру жаңа туған 2-3 күндік бұзауларда кездеседі. Бұзаулардың түгі ұйпаланған, жылтырамайды, сусызданудың белгілері бар, күніне 5-6 рет нәжіс бөледі, нәжісі сұйық, түсі сарғыш-көкшіл, кейде жасыл түстес. Артқы аяқтары нәжіспен былғанған, өздері әлсіз, жиі жата береді. Дене қызыу қалыпты, тамыр соғуы мен тыныс алуы жиі.

Төменде 1-кестеде диспепсияға шалдықкан бұзаулардың кейбір клиникалық көрсеткіштері сау бұзаулармен салыстырмалы түрде берілген.

1-кесте - Сау және диспепсияға шалдыққан бұзаулардың кейбір клиникалық көрсеткіштері. $M \pm m$

№ к/с	Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Дене қызуы, $t^{\circ}\text{C}$	$38,8 \pm 0,16$	$38,96 \pm 0,14$
2	Тамыр соғуы, 1 минөтте	$122,4 \pm 0,18$	$130,8 \pm 0,17$
3	Тыныс алуы, 1 минөтте	$25,8 \pm 1,5$	$35,6 \pm 1,9$

1-кестеде сау және диспепсияға шалдыққан бұзаулардың кейбір клиникалық көрсеткіштері көрсетілген. Диспепсиямен ауырған бұзаулардың дене қызуы қалыпты, ал тамыр соғуы, тыныс алуы жиілегенін көреміз.

2-кесте - Сау және диспепсияға шалдыққан бұзаулар қанының морфологиялық-биохимиялық көрсеткіштері. $M \pm m$

№ к/с	Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Эритроциттер, $10^{12}/\text{л}$	$6,24 \pm 0,1$	$7,9 \pm 0,18$
2	Гемоглобин, г/л	$10,4 \pm 0,7$	$116,6 \pm 2,05$
3	Қанның түрлі түсті көрсеткіші	0,96	0,88
4	Лейкоциттер, $10^9/\text{л}$	$7,04 \pm 0,09$	$9,1 \pm 0,08$
5	Лейкограммалар, %		
	- базофилдер	$1,2 \pm 0,01$	-
	- эозинофилдер	$7,4 \pm 0,13$	$8,9 \pm 0,29$
	- нейтрофилдер:		
	- жас	$2,0 \pm 0,14$	$12,1 \pm 0,49$
	- ядросы таяқша тәрізді	$6,0 \pm 0,19$	$18,2 \pm 0,63$
	- ядросы сегмент тәрізді	$32,6 \pm 0,61$	$22,2 \pm 0,79$
	- лимфоциттер	$46,5 \pm 2,1$	$35,4 \pm 2,8$
	- моноциттер	$4,9 \pm 0,22$	$3,2 \pm 0,14$

2-кестеде көрсетілгендегі II топтағы диспепсияға шалдыққан бұзаулар қанының кейбір морфологиялық көрсеткіштерін сол жастаны сау бұзаулармен салыстырғанда төмендегідей болды. Диспепсияға шалдыққан бұзаулардың организмінде сусыздану процесssi жүргендіктен, қан қоюланғандықтан эритроциттер саны $26,6\%-ға$ ($7,9 \pm 0,18 \ 10^{12}/\text{л}$), гемоглобин мөлшері $11,15\%-ға$ ($116,6 \pm 2,05$), лейкоциттер $29,3\%-ға$ ($91 \pm 0,08 \ 10^9/\text{л}$) жоғарылағаны байқалса, ал қанның түрлі түсті көрсеткіші $15,6\%-ға$ (0,85) төмендегені анықталған, лейкограммада жетілмеген нейтрофилдердің көбейіп, ал ядросы сегмент тәрізді лимфоциттер мен моноциттердің азайғаны анықталды.

3-кесте - Сау және диспепсияға шалдыққан бұзаулар қан сарысуының кейбір биохимиялық көрсеткіштері. $M \pm m$

№ к/с	Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Жалпы белок, г/л	$46,8 \pm 0,6$	$49,2 \pm 0,5$
2	АлАТ, б/л	$13,7 \pm 0,16$	$17,5 \pm 0,17$
3	АсАТ, б/л	$109 \pm 2,5$	$124 \pm 3,1$
4	Альбуминдер, %	$58,4 \pm 1,3$	$53,2 \pm 1,5$

5	Глобулиндер, %	$41,6 \pm 1,48$	$46,8 \pm 1,36$
	λ -глобулиндер, %	$18,8 \pm 0,13$	$18,5 \pm 0,8$
	β -глобулиндер, %	$15,2 \pm 1,0$	$17,9 \pm 1,2$
	γ -глобулиндер, %	$7,6 \pm 0,5$	$10,4 \pm 0,6$
6	Жалпы кальций, г/%	$7,6 \pm 0,4$	$2,73 \pm 0,6$
7	Анорганикалық фосфор, г/%	$3,7 \pm 0,5$	$1,46 \pm 0,3$
8	Альбумин глобулин қатынасы (А:Г)	1,4	1,14

З-кестеде көрсетілгендей диспепсияға шалдыққан бұзаулар қан сарысуындағы биохимиялық көрсеткіштерді сау бұзаулармен салыстырғанда жалпы белок 5,1 %-ға ($49,2 \pm 0,5$ г/л), АлАТ 27,8 %-ға ($17,5 \pm 0,17$ б/л), АсАТ 13,8 %-ға ($124 \pm 3,1$ б/л), глобулиндер мөлшері 12,5 %-ға ($46,8 \pm 1,36$ %) артса, ал қан сарысуындағы альбуминдер мөлшері 9,01 %-ға ($53,2 \pm 1,5$ %), жалпы кальций мен анорганикалық фосфор (22,8 %-ға) төмендегенін байқаймыз.

Қан сарысуындағы альбуминдердің, жалпы кальцийдің және анорганикалық фосфордың азаюын организмнің иммуно-биологиялық қуатының төмендеуінен және организмде қоректік заттардың сыртқа кетуінен қан сарысуында кальций мен фосфор қанға сініп үлгере алмауынан деп есептейміз.

Корытынды

«Алипов» жеке шаруа қожалығында бұзаулар диспепсияға 25% шалдығатыны анықталды. Ауру бұзаулардың тамыр соғуы, тыныс алуы жиілеген, қан құрамында эритроциттер саны 26,6 %-ға, гемоглобин мөлшері 11,15 %-ға, лейкоциттер саны 29,3 %-ға, қан сарысуында жалпы белок 5,1 %-ға, АлАТ 27,7 %-ға, АсАТ 13,8 %-ға, глобулиндер мөлшері 12,5 %-ға көбейіп, ал альбуминдер мөлшері 9,01 %-ға, жалпы кальций мен анорганикалық фосфор мөлшерлері азайғаны анықталған.

Әдебиеттер

- Донник И.М. Этиология и профилактика массовых желудочно-кишечных и респираторных болезней // Актуальные проблемы болезней молодняка в современных условиях: мат.междунар. науч.-практич. конф. Воронеж. 2002 с. 11-13
- Авакаянц Б.М, Благоговравов М.С., Павлов Л.А.и др. Лекарственные растения при лечении диспепсии телят // Ветеринарная патология. №3. 2007
- Щербаков И.Г., Коробов А.В. Внутренние болезни животных. Санкт-Петербург. Москва-Краснодар. 2009
- Урбан В.П., Найманов И.Л. Болезни молодняка в промышленном животноводстве. М. «Колос», 1984, с.75.
- Рабинович М.И. Лекарственные растения в ветеринарии. –М., Россельхозиздат, 1981.
- Квятковский В.Н., Замкова Л.А. Статическая обработка экспериментальных данных. // Ветеринария – 1995. №6. с.141.

Нурлыбаев О., Есходжаев У.К., Есходжаев А.У.

ИЗМЕНЕНИЕ КЛИНИЧЕСКИХ, МОРФОЛОГИЧЕСКИХ И БИОХИМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КРОВИ У ТЕЛЯТ БОЛЬНЫХ ДИСПЕСИЕЙ

Аннотация

В данной статье приведены изменения некоторых морфологических и биохимических показателей крови у больных телят по сравнению с показателями здоровых телят того же возраста

Ключевые слова: альбумины, глобулины, АлАТ, АсАТ.

Nurlybaev O., Eshodhgaev U.K., Eshodhgaev A.U.

CHANGE OF CLINICAL, MORPHOLOGICAL AND BIOCHEMICAL INDICATORS OF BLOOD AT CALFS OF PATIENTS WITH DYSPEPSIA

Annotation

Are given change of some morphological and biochemical indicators of blood at sick calves in comparison with indicators of healthy calves of the same age in this article.

Keywords: albumine, globuline, AlAT, AsAT.

УДК 66.047-912

Оспанов А.А., Калиаскаров М.К., Тимурбекова А.К., Мусабекова Б.Б.

Казахский национальный аграрный университет

ИССЛЕДОВАНИЕ КИНЕТИКИ ПРОЦЕССА СУШКИ ЗЕРНА В УСТАНОВКЕ С СУШИЛЬНОЙ КАМЕРОЙ, СНАБЖЕННОЙ ПЕРФОРИРОВАННЫМ ПЛОСКИМ ДНИЩЕМ

Аннотация

Своевременно и правильно проведенная сушка не только повышает стойкость зерна при хранении, но и улучшает его продовольственные и семенные достоинства. При соблюдении рациональных режимов сушки ускоряется послеуборочное дозревание зерна, происходит выравнивание зерновой массы по влажности и степени зрелости, улучшаются цвет, внешний вид и другие технологические свойства зерновок. Сегодня в Казахстане сложилась ситуация, при которой зерно сосредоточено у производителя, большинство которого не имеет современной технической базы по его обработке. Поэтому создание малогабаритной, мобильной техники для организации первичной обработки зерна у его производителя – ближайший и наиболее эффективный резерв развития сельскохозяйственных предприятий. Проблема дальнейшего наращивания производства зерна в условиях резкого удорожания энергетических ресурсов и ужесточения санитарных требований к пищевым продуктам является актуальной и требует изыскания и освоения новых ресурсосберегающих, экологически чистых технологий.

Ключевые слова: процесс сушки, кинетика процесса сушки, установка для сушки зерна, сушильная камера с перфорированным днищем, зерновая масса, режимы сушки зерна, зерновая индустрия, эффективность зерносушилки, кривые сушки, температура сушильного агента, влажность зерна.

Введение

В решении задач, стоящих перед аграриями Республики Казахстан главенствующую роль играет так называемая агроиндустриальная диверсификация, в результате которой ожидается резкий рост переработки сельскохозяйственного сырья, поступление нового оборудования, новые технологии и реализация новых подходов в сельском хозяйстве. Для этого следует внедрять в сельское хозяйство Казахстана все прогрессивное и инновационное, использовать передовой мировой опыт [1, 2].